

АСЫЛ АҒА

Марал Сәулебекова, қарындасы, ҚР-ның білім беру ісінің үздігі.

Жан бауырымыздан айырылып, қабырғамыз қайысып, жылап жүргенімізге де міне 1 жылдың жүзі ауды. Бар болмысымен, ақыл-парасатымен, тұлғасымен, іс-қимылымен, жалпы жаратылысымен біздің, яғни, бірге туған бауырларының ғана емес, жалпы қазақтыңұлы, азаматы, ағасы ретінде өмір сүрді. Оны әрқашан сезініп жүрдік, ең ақырғы сапарына шығарып салу рәсіміне де халқы, оған, Жамбыл Ақылбаевқа деген сүйіспеншілігін көрсетті.

Баспа беттерін де ауыр қазаға арналған қоштасу сөздеріне толды... Әсіресе, Шет ауданы газетінде басылған "Халқың барда, сен өлмейсің Аға!".

«Алмас шарт сынады» деген жүрек тебireнтетін басылымдар маған қатты әсер етті. Әкесі Сәулебек те сол трибунада сан тұрып, елін, халықтың тұрмысын ойлап, әсіресе, балаларға, жастарға көп өсиет айтушы еді. «Оқыңдар, білім қуыңдар, орысша үйреніңдер, халық алдына шығып, сөйлеп, шыңдалыңдар», -деуші еді әкеміз. Әке арманын алғаш жүзеге асырған үлкен ұлы Жәкені, біздің Көкөтайымыз болды.

Ұлы Отан соғысына қатысып, жарақаттанып, Жеңіс күнінің қарсаңында оралған әкені жұбайы мен жеті жасар ұлы Жамбыл, және ауылдастары қарсы алады. Сүйкімді ұлын аман-есен көргеніне мез болған әке, оны үнемі жанынан тастамай, ертіп жүреді екен. Соғыстан жүдеген елді қайта қалыптастыруда әкеміз өте көп еңбек еткен, оған сол себепті де «белсенді» деген атақ берілген. Сол белсенділік Жамбылына да «жұқты». Мектепте үздік оқыды, пионер, комсомол ұйымының бастығы болды, одан ақыл,

көмек сұрап келетіндер саны күннен-күнге көбейді, үйіміз үнемі достарына толы болатын. Мен одан тоғыз жас кішімін, соғыстан соң екі жылдан кейін дүниеге келген, соңынан ерген қарындасы, мен, Марал едім. Мені еркелетіп Манатай деп атайтын. Меніңжүріс-тұрысыма, киім киісіме, жалпы қалыптасуыма көп мән беріп, ерекше ыстық сезіммен қарайтын. Сондықтан да болар, жанымда жүрсін деп өзімен бірге Алматыға оқуға әкеткені де! «Балаларды университетте оқыту керек» -деген мақсатты алдына қойып, мені қолымнан жетектеп ҚазМУ-ге түсірді, Алматыны таныстырды, Алатауды көрсетті. Мені алғаш Алматыға апарғанда, алдымен, дұрыс тамақтанатын жерлерді көрсетті. Көркемөнерге, мәдениетке баулыды. Жамбыл атындағы филармонияға концертке апарып, барлық әртістер туралы айтып берді. Сол кезден бастап-ақ биік шыңдарға шығатыны білініп еді! (Көкөтайымның білімге, ғылымға талпынысы, ондағы жеткен жетістіктері шыққан шыңдары, еткен қызметі, алған асулары бәріңіздің көз алдыңызда. Сондықтан өмірінің ол жағына көп тоқталмай, көбісі біле бермейтін жәйттерді айтқым келеді. Әрине, Шет ауданындағы ескі үйдегі өмірімізден бастасам, талай-талай қызықты да, күлкілі де, кейде ренішті де жағдайлар кез алдымнан тізіліп өтіп жатады...

Әкеміз бен анамыздан ізгілікті тәрбие алған, екеуінің де ең әдемі түр-сипатын өзіне «меншіктеген» Көкөтайым сымбатты, көркем болып өсті. Есеп шығарып алуды сылтауратып, қыздар көп келетін. Маған жаман болған жоқ, олардың әрқайсысы жақынырақ, болу үшін маған

шақпақ қант, шашқа тағатын түрлі-түрлі атлас ленталар әкелетін. Ол кездерде кешкі мектептер де жұмыс істейтін. Ол жақтан есеп шығартуға келетіндер кілең үлкен ағалар мен тәтелер болды. Милиционер формасын киген бір аға келіп, «мына жігіт әлі биіктен керінеді, ақылы бүкіл ауданға жетіп, бәрімізді оқытып жүр» деуші еді. Сондаөлеңайтып отырып, арасында мені алдап, қолымдағы көмпитімді аузына салып жіберіп, «жоқ, аспанға ұшып кетті», -деп есептерді күліп отырып шығаратын. Кебінесе, «Әх, дороги, пыль да туман, холода, тревоги, да степной бурьян» - деген әнді айтатын. Дәл сондай өмірдің ыстығын да, суығын да басынан еткізді, қиындықты қайсарлы жеңе білді! Өзі де жақсы демалып, рахаттанып қалатын. Кейіннен екеуіміз, тіпті, өнершіл болып кеттік. Жақсы концерт, спектакльдерге жиі баратын едік. Қазақ әндерін ете ұнатты. Халық әндерін Көкөтайым да, қалған бәріміз де анамнан үйрендік, көнілімізге тоқыдық, сүйсіндік. Қызмет бабымен де шығар, бірақ еліміздің алдыңғы қатарлы әртістері көрнекті қаламгер ақын-жазушылары, ғалым мен әріптестерін белек қойғанда, Көкөтайыма ыстық ықыластарын әрдайым білдіріп жататын. Көкөтайымыз мақтануға, қадірлеуге тұрарлық, Аға!!! Анамыз бізге: «Бәрің бір төбе, Жәкен ерекше бір биік төбе» -дейтін. Тұңғышы болғандықтан да болар, әкеміз екеуі Жәкендерін, шынында да, ерекше орынға қоятын. Сондықтан аса құрметтеп қана қоймай, оны пір тұту біздің санамызға жастайымыздан сіңген еді! Көкөтайымыздың бастауымен, әке-шешеміздің қолдауымен менен кейінгі Есенжол,

Күләш, Гүлнәр, Әсияш, Кенжегүл және кейін өзінің, балалары Жанболат, Ерболат, Лира, Гүлжан бәрі жоғары оқу орындарын аяқтап, бір-бір диплом иегерлері болды. Бәріміздің білім алып, өсіп, жетілуімізге бас-көз болды, қуанды. Қарындастарының, жалғыз інісінің жетістіктеріне шаттанып, қуаныш-күйініштерімізде бірге болды. Көкөтайым жауапты жұмыстарға ерте кірісті. Қандай салада болса да, өте әділ, барынша беріліп, үлкен жауапкершілікпен істеді. Ауылға катысуыныңарасы сиресе, анамыз қатты сағынатын. Әкей екеуі "келмеді ғой, қатыспады ғой", -деп ренжи бастайтын. Сонда туыстары немесе біздер (балалары) "Көкөтайымыз жалғыз сіздердің балаларыңыз емес, ол үлкен оқу орынын басқарып жүрген елдің баласы, халқының азаматы ғой, уақыты болмай жатқан шығар", -деп жұбататынбыз.

"Көкөтай, шаршадыңғой, денсаулықты дұрыстау керек, дем алсайшы", -деп әрқайсысымыз бір қыңқылдай бастадық. Зейнеткерлік жасқа келсе де, қызметін жалғастырды. Дегенмен, өзініңденсаулығын, бала-шағасын, туғандарын ойлап, оларды да тыңдау қажеттігін түсініп, демалысқа шықты. Әрине, денсаулық мықты түзеле қойған жоқ, соның аяғы міне, осындай нар тұлғалы, қымбатты, сүйікті, Ағамыз- Көкөтайымыздан айырылып қалуымызға әкеліп соқты...

Құрметтеп, арулап, соңғы сапарына шығарып салған Қарағанды халқына рахмет! Қаланың, Шет ауданының Құрметті азаматы ретінде ерекше қадірлеп, жөн-жоралығының бәрін өз міндетіне алып, бар қызметін керсеткен Қарағанды облысы-

ның әкімі Нұрлан Нығматулин мырзаға шексіз алғысымызды білдіреміз!

"Өзінің, Университеті еді", - деп студенттері мен оқытушыларын сапқа тұрғызып қостасқан Қарағанды Мемлекеттік Университетінің ректоры Еркін Көбеев мырзаға ризамыз!

«Бізге, облыс мұғалімдеріне жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпаймыз» - деп ақ алғыс сезімдерін білдіріп, алыстан келген Атырау Университетінің ұжымына мың алғыс!

Өмірінің ақырғы күндерін үлкен құрметпен сыйлап, қадірлегі өткізген өзі ұйымдастырған «Болашақ» институтының ректоры Нұрлан Дулатбековке және колледж басшылары мен ұжымына ерекше рахметімізді білдіреміз! Ағаларыңыздың ісін абыроймен жалғастыра беріңіздер, дендеріңіз сау болсын! Көкөтайымыз туралы естеріне алып, тебірене-тебірене сөйлеген ардақты ағалар мен төтелерге ерекше ықыласпен рахмет айтамыз! Құлыңтайдай бірге өскен абзал достарының да қайғысына, шексіз күйініштеріне ортақпыз. Олардың ақын сезіммен келтірген жүрек жарды:

«Қайсарлық жасап көрсек те,
Көз жасы болмай құйылды.

Көк аспан өзі бір сәтке,
Қаралы ту боп иілді,» - деген шумақтарына, ажалды тік тұрып қарсы алған арысына білдірген көңілдері үшін рахметімізді білдіреміз. Қаралы күндерде көзге жас толып, жүрегіміз жадап тұрғанда, айта алмаған ықыластарымызды осылайша білдіргіміз келді, ағайын.

Елінің, халқының перзенті болған асыл, ардақты Ағамызды есте сақтау үшін Сіздер бәріңіз аман болыңыздар!